

ІІМ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ

ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында мерекеге орай өткен «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты салтанатты кеш Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаумен басталды.

Іс-шараны Академия бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі Мирлан Қызылов ашып, ол: «Бұл мереке Қазақстан халқының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевқа білдірген жоғары сенімі мен қадір – құрметінің жарқын көрінісі болып табылады. Елбасымыз бабаларымыздың тәуелсіздік туралы ғасырлар бойғы армандарын ақиқатқа айналдыруға мүмкіндік туғызады. Ол - әлеуметтік-экономикалық, саяси қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттің бірегей моделін жасаған осы заманғы аса көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткер», - деді. Академия бастығы профессорлық-оқытушылар құрамын, қызметкерлер мен тыңдаушыларды мерекелі күнмен құттықтады.



Осындай мерекелі күні оқу ордасының профессорлық-оқытушылар құрамымен мен қызметкерлері Ішкі істер министрінің, Академия бастығының бұйрықтарымен қызметтік міндеттерін адал орындап, жұмыста көрсеткен жетістіктері үшін «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен, «ІІО үздігі» кеуде белгісімен, Құрмет грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Іс-шара күндізгі оқыту факультеті тыңдаушыларының мерекелік концертімен жалғасын тапты. Оқу ордасының профессорлық – оқытушылар құрамын және қызметкерлерін тирихи күнмен құттықтау үшін, Қостанай қаласының әншісі Бердібек Токешев «Қазақтың қара баласы», «Ақ тілек» өлеңдерін оқыды. №24 мектеп-гимназияның оқушылары Абылай, Асыл, Аян атты бүлдіршіндер қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы – домбырамен күй шалқытса, ал мың бұралған қыздар билерін тарту етті.

Сондай-ақ, концерттік бағдарлама аясында «Қазақ биі», «Земля моя», «Анашым» және тағы да басқа өлеңдер шырқалып, билер биленді.

Тұңғыш Президент күні оқу ордасының профессорлық – оқытушылар құрамы, қызметкерлері және тыңдаушылары мерекелік қуаныш пен сезімге бөленіп қайтты.